

# Шығыс Қазақстан. Экологиялық проблемалар.



Әкімшілік орталығы:

**Өскемен**

Ірі қалалары:

**Семей**

Тұрғыны: **1 355 271** (2018 ж.)

# Өскемен

- Ірі өнеркәсіп орны: Қазмырыш, Үлбі металлургия зауыты, Титан магний комбинаты.
- Қазақстандағы ауа атмосферасы ең лас қалалар қатарына жатады
- Денсаулық сақтау саласындағы қазіргі жағдай өлім деңгейінің жоғарылығымен және өмір сүру ұзақтығының төмендігімен, жүрек тамыр жүйесінің, онкологиялық аурулардың жоғарылауы, репродуктивті денсаулықтың көрсеткіштерінің төмендеуімен сипатталады
- Ауру деңгейінің өсуі соңғы 2 жылда:
  - балаларда 4,5%
  - Жасөспірімдерде 7,2%
  - Ересектерде 2,2% жоғарылаған

# Ластау себептері

- 1) Түсті металлургия, жылу энергетикасы, ядролық отын өндірістік өнеркәсіптердің қала ішінде шоғырлануы ауыр және жеңіл өнеркәсіп пен тау-кен металлургия саласындағы аса ірі кәсіпорындардан шығатын қалдықтар;
- 2) Экологиялық тұрғыдан негізделмеген қала құрылысынан туындайтын ауа алмасуының әлсіздігі;
- 3) Ластаушы заттардың тарап кетуіне кедергі келтіретін физико-географиялық орналасу жағдайы.

# Ластанудың салдары:

- Қышқылды жаңбыр жауады;
- Ауа мен топырақ бүлінеді;
- Ауа қозғалысының әсерінен улы заттар басқа да жерлерге таралады;
- Жергілікті тұрғындар арасында ауру түрлері (тыныс жолдары, жүрек-қантамырлары, жүйке, қатерлі ісік) етек алып, науқастар саны өсе түседі;
- Өсімдіктер мен жануарлар әлемі де күрт азайып, түрі мен саны кемиді.

# Қорғау шаралары

- Зиянды қалдықтарды тазалайтын сапалы сүзгілер орнату;
- Ауыр өнеркәсіп орындарын орналастыру кезінде климат пен жер бедерінің ерекшеліктерін ескеру

# Семей ядролық сынақ полигоны (СЯСП) территориясы

- 1949-1962 ж. Аралығындағы атмосферада жүргізілген СЯСП экология мен полигонмен шекаралас жатқан территориялардағы тұрғындар денсаулығына үлкен шығын келтірді
- Стратосфераға ұзақ сақталатын стронций-90, цезий-137 радионуклидтері шығарылған
- Тәжірибе алаңы ортасында локальды радиоактивті жауын шашындар түсуі шамамен 1,5 млн адамның сәулеленуіне әкелді

# Қорытынды

- Еліміздің экологиялық ахуалын шешу үшін ғылыми жетістіктерді қолданумен бірге өркениетті елдердегі экологиялық білім беру жүйесіндегі жаңалықтардың, жаңа технологиялық бағдармалардың тиімді жақтарын пайдалану қажет
- Көптеген мемлекеттер жер жағдайының аздығына қарамастан, көп халықты жутатапай, аз жерді жүйелі түрде қорғап, тиімді пайдаланып отыр.
- Табиғат – біздің анамыз. Оны таза ұстау, қорғау біздің еліміз, адам баласының келешегі үшін қажет.